

Қазақстан Республикасындағы әскери-көліктік міндет туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 қыркүйек N 1083. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 747 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы әскери-көліктік міндет туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасындағы әскери-көліктік міндет туралы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қолданылады.

3. Қазақстан Республикасындағы әскери-көліктік міндет туралы Ереженің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдардың, бірлестіктер мен кәсіпорындардың жұмылдыру құрылымдарына, сондай-ақ облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдеріне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
1996 жылғы 3 қыркүйектегі
N 1083 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аумағындағы әскери
көліктік міндет туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасының аумағында әскери-көліктік міндет "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Ішкі істер министрлігін, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің әскери

бөлімдерін және басқа министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың арнаулы құрылымдарын көлік құралдарымен қамтамасыз ету мүддесімен: соғыс уақытында - соғыс жағдайы немесе жұмылдыру жарияланған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте; бейбіт уақытта - әскерді әскери дайындықтың дәрежесімен айқындалатын жағдайға көшіру негізінде не болмаса өзге төтенше жағдайда т а ғ а й ы н д а л а д ы .

2. Әскери-көліктік міндет автомобиль, теміржол, теңіз, өзен, жегін (гузовых) және теңдеп арту көліктері құралдарының, мотоциклдердің, кәсіпшілік және арнаулы кемелердің, жол құрылысы мен көтергіш көлік машиналарының және тетіктерінің (бұдан әрі - көлік құралдары) иелеріне - меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне және өзге де орталық атқарушы органдарына, бірлестіктеріне, акционерлік қоғамдарына, компаниялары мен кәсіпорындарына (бұдан әрі - көлік құралдарының иелері), сондай-ақ жеке көлік құралдарының иелеріне жүктеледі.

3. Көлік құралдары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі органдарының тарапына уақытша тартылады немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерінің негізінде, ал ерекше жағдайларда - жалпы немесе жекелеген жұмылдыру жарияланған кезде бірлестіктердің немесе құрамалардың командирлерінің бұйрықтарының негізінде , әскери қимылдар театрларында және соғыс жағдайында деп жарияланған жерлерде, әскердің қажетін қамтамасыз етуге арналған жұмылдыру жоспарларында көзделген мөлшерде олардың иелерінен алынады және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының құрамына беріледі. Көлік құралдарын иелерінен алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте және белгіленген үлгідегі анықтама беру арқылы жүргізіледі.

Көлік құралдарын тарту немесе алу және оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беру туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері олардың иелері үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің техникаларды әзірлеу және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беру жөніндегі бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасау олардың орындалуын тежемейді.

4. Көлік құралдарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беру жөніндегі тапсырма осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес, оларды халық

шаруашылығының салалары бойынша алу нормасының шегінде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұсыныс бойынша Үкіметтің шешімімен белгіленеді және олардың иелеріне Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі органдарының тарапынан арнаулы нұсқаулықтармен айқындалған тәртіпте жеткізіледі. Көлік құралдарын техникалық жағдайы жөнінде жарамсыздығын тануға арналған үстеме Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тиісті органдарының ұсынысы бойынша облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерінің "ҚМ" шешімімен белгіленеді.

5. Көлік құралдарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беруге әзірлеу бейбіт уақытта осы Ережеге және оның негізінде шығарылған арнаулы нұсқаулыққа сәйкес олардың иелері тарапынан жүзеге асырылады. Осы мақсат үшін көлік құралдарының иелері:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі органдарымен бірлесіп тиісті көлік құралдарын іріктеуді;

көлік құралдарын техникалық жарамды жағдайда ұстауды және оларды осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес жабдықтармен, құралдармен, қосалқы бөлшектермен толықтыруды;

көлік құралдарын оларға көлік құралы балансында тұрған кәсіпорынның есебінен жүргізілетін арнаулы жабдықтар орнатуға дайындауды;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі органдарының келісімі бойынша ескірген көлік құралдарын жаңасымен және неғұрлым жетілдірілгенімен ауыстыруды;

қолданылып жүрген ережелер мен осы мәселе бойынша нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес көлік құралдарының техникалық жағдайына тексерулер жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жалпы парктегі көлік құралдарының, оның ішінде оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының құрамына беру үшін арналған техникалардың техникалық жағдайларын тексеру Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері органдарының қатысумен Мемавтоинспекция органдарының тарапынан жүргізіледі, тексерулердің нәтижелері аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға ұсынылатын актілермен рәсімделеді.

7. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті әскери бөлімдерінің бейбіт уақытта жекеменшіктен басқа, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беруге арналған көлік құралдарын жұмылдыру тапсырыстарына сәйкес әскери байқаулық

жұмылдыруға, оқу және байқау жиындарына, техникалық жағдайын және олардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралдарының құрамына беруге дайындығын тексеру үшін тартуға
х а қ ы с ы б а р .

көрсетілген мақсаттар үшін көлік құралдарын тартудың тәртібін, пункттері мен мерзімдерін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ұсыныс бойынша Үкімет белгілейді және оның органдарының тарапынан олардың иелеріне жеткізіледі. Көлік құралдарын белгіленген пункттерге жеткізіп беру олардың иелерінің өз күштерімен жүргізіледі.

8. Көлік құралдарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына беруге әзірлеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты шығыстар олардың иелерінің қорғаныс шараларын орындау үшін сметаларда көзделген қаражаттарының есебінен жүргізіледі .

9. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен оның органдарының Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлеген және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінен, Мемавтоинспекциядан және олардың органдарынан жылына бір рет, келесі жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша, көлік құралдарының саны мен жағдайы туралы мәлімет алуға құқығы бар.

10. Техниканы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарының құрамына беруге әзірлеуді бақылау, белгіленген тәртіпте бекітілген жоспар бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және оның органдарының, министрліктерінің, мемлекеттік комитеттердің, бірлестіктер мен кәсіпорындардың, жұмылдыру құрылымдарының, сондай-ақ облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерінің тарапынан жүзеге асырылады.

11. Осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа орталық атқарушы органдар әскери-көліктік міндеттен босатылады және осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының құрамына көлік құралдарын беруге жатпайды.

12. Осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

Халық шаруашылығының салалары бойынша
көлік құралдарын алу
НОРМАСЫ

N р\с і	Аталуы	і Алу нормасы (%)
1	1 .	Ө н е р к ә с і п :
	қара, түсті металлургия, отын, қорғаныс,	30
	радиотехника, электронды, авиация, химия, кеме құрылысы, машина жасау, металл өңдеу	
	жеңіл, тамақ, орман, ағаш өңдеу,	40
	целлюлоза-қағаз, медициналық және өнеркәсіптің басқа салалары	
	2 .	Қ ұ р ы л ы с :
	арнаулы, монтажды, өнеркәсіптік	30
	к ө л і к	4 0
	басқа құрылыс	50
	3 .	К ө л і к :
	т е м і р ж о л	3 0
	су (теңіз, өзен)	40
	автомобиль	50
4.	Байланыс	30
5.	Энергетика және электрлендіру	40
6.	Денсаулық сақтау	40
7.	Геология	40
8.	Ауыл шаруашылығы	50
9.	Жол шаруашылығы	50
10.	Шаруашылықтың басқа салалары	50

2 - қ о с ы м ш а

Бейбіт уақытта халық шаруашылығында жиналуға жататын
және көлік құралдарымен бірге Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне берілетін қосалқы бөлшектердің, шанц
аспаптары мен мүкәммалдарының
Ж И Н А Ғ Ы

Рет і	Аты	і Өлшем	іСаны	Ескерту
N N	і	і	і бірлігі	і

I. АВТОМОБИЛЬДЕРГЕ

Қосалқы бөлшектер

1.	Фар лампы	маркасы	дана	1	Автомобильдің барлық
2.	Фар асты лампы		дана	1	Бұл да сол
3.	Тұтану шырағданы		дана	1	Карбюратор қозғағышы бар автомобильдер
4.	Жоғарғы кернеулі сым	м	0,5		Бұл да сол
5.	Үзгіш иіні		дана	1	Бұл да сол
6.	Байланыстырушы баған		дана	1	Бұл да сол
7.	Блок басының жапсырмасы		дана	1	Әрбір бес автомобильге
8.	Цилиндр басының жапсырмасы		дана	1	КамАЗ, Урал-4320 автомобильдерге
9.	Цилиндр басының жапсырмасы		дана	1	Пневможүргіш тежеуішті автомобильге
10.	Желдеткіш белдігі (су насосы)		дана	1	Барлық маркалы автомобильдерге
11.	Компрессор (генератор) белдігі		дана	1	Барлық маркалы автомобильдерге
12.	Бензин насосының диафрагмасы		дана	1	Карбюратор қозғағышы бар автомобильдерге
13.	Форсунка бүріккіші (форсунка насосы)		дана	1	Дизель қозғағышы бар автомобильдерге
14.	14x20x1,5 форсунканың тығыз жапсырмасы		дана	1	КамАЗ, Урал-4320 автомобильдерге
15.	10x16x1,5 форсунканың тығыз жапсырмасы		дана	2	КамАЗ, Урал-4320 автомобильдерге
16.	Жинақтағы бөлу тапсырмасын қосу механизмін қайтару қақпағының диафрагмасы		дана	1	Бұл да сол басқаратын
17.	Автоаптека		дана	1	Барлық маркалы автомобильдерге
18.	Шанц аспабы мен мүкәммалдар		дана	1	Барлық маркалы автомобильдерге

19. Балта дана 1 Бұл да сол
20. Су шелегі (канистр) дана 1 Бұл да сол
21. Май құтысы (канистр) дана 1 Бұл да сол
22. Қосымша жанармай ыдысы дана 1 500 километрлік отын қоры жоқ автомобильге. Бидон (канистр) жоқ кезде 5 автомобильге бір 200 литр бак ұстауға болады

Сүйреу құралдары

23. Буксир тросы немесе қатты буксир дана 1 Әрбір үш автомобильге

II. ТРАКТОРЛАРҒА

24. Фар лампы тракторларға дана 1 Барлық маркалы
25. Тұтату шырағданы тракторларға дана 1 Барлық маркалы
26. Форсунка дана 1 Бұл да сол
27. Жұқа тазалау отын сүзгішінің сүзуші элементі дана 1 Бұл да сол
28. Желдеткіш белдігі дана 1 Бұл да сол
29. Генератор белдігі дана 1 Бұл да сол
30. Жоғары кернеу қосқышы дана 1 Бұл да сол
31. Су насосының сальнигі дана 1 Бұл да сол
32. Жоғарғы радиатор шлангісі дана 1 Бұл да сол
33. Төменгі радиатор шлангісі дана 1 Бұл да сол
34. Блок басының жапсырмасы дана 1 Бұл да сол
35. Гайкалы шынжыр табанды тиянақтың болты жинақ 14 тракторларға Т-100, Т-100М, Т-130
36. Шынжыр табанды тиянақ арқалығының серіппелі шайбасы дана 14 Бұл да сол
37. Шынжыр табан үзбесінің бармағы дана 2 ДТ-75, Т-54, Т-150 Т-180 тракторларға
38. Шынжыр табан тізбесі дана 2 Бұл да сол
39. Шынжыр табан бармағының шплинті дана 10 Бұл да сол
40. Цилиндр басының жапсырмасы дана 10 Бұл да сол
41. Жинақтағы босату қозғалтқыш цилиндрлерінің бас жапсырмасы дана 1 Босату қозғағышы бар тракторларға

42. Вентиль золотнигі дана 1 Доңғалақты тракторларға
43. Автокамера дана 1 Бұл да сол Шанц аспабы мен мүкәммалдар
44. Найзалы күрек дана 1 Барлық маркалы тракторларға
45. Балта дана 1 Бұл да сол
46. Су шелегі (канистр) дана 1 Бұл да сол
47. Май багі (канистр) дана 1 Бұл да сол Сүйрету құралдары
48. Буксир тросы немесе қатты дана 1 Әрбір үш тракторға буксир

III. ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ТИЕУ-ТҮСІРУ МАШИНАЛАРЫ МЕН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРҒА

49. Фар шамы дана 1 Барлық автогрейдерлер, экскаваторлар, автотиегіштер мен жол тегістегіштерге
50. Тұтату шырағданы дана 1 Автогрейдерлер, пневмодоңғалақты крандар, автотиегіштер мен карбюратор қозғалтқышты электр станцияларға
51. Үзгіш иіні дана 1 Автотиегіштер мен карбюратор қозғалтқышы бар станцияларға
52. Байланыстырушы баған дана 1 Бұл да сол
53. Желдеткіш белдігі дана 1 Автогрейдер, экскаватор, пневмодоңғалақты жүретін крандар, автотиегіш пен дизель қозғалтқышты электр станциялары
54. Компрессор (генератор) дана 1 Автогрейдер, белдігі экскаватор,

пневдоңғалақты
жүретін крандар мен
дизель қозғалтқышты
және пневмоқосу
тежегішті

- автотиегіштерге
55. Тығынды тарту шынжырының үзбесі дана 1 Ор қазу экскаваторларға
56. Тарту шынжырының бармағы экскаваторларға дана 1 Оқу қазу
57. Икемді гидрожүйенің жеңі дана 1 Гидроқосқышпен жабдықталған жол салу және тиеу-түсіру машиналарына
58. Тығыздау сақиналары жинақ 1 Бульдозерлердің, гидрожүйелері, экскаваторлар, скреперлер мен автотиегіштерге
59. Манжеттер жинақ 1 Бұл да сол Шанц аспабы мен мүкәммалдар
60. Найзалы күрек дана 1 Автогрейдер, экскаваторлар, пневдоңғалақты жүргіш крандар, автотиегіштер мен электр станцияларға
61. Балта дана 1 Бұл да сол
62. Су шелегі (канистр) дана 1 Бұл да сол
63. Май багі (канистр) дана 1 Бұл да сол Жүргіштігін арттыру құралы
64. Буксир тросы немесе қатты буксир дана 1 Автогрейдерлер мен автотиегіштер үшін

Е с к е р т у л е р :

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, халық шаруашылығынан берілетін барлық көлік құралдарында "ҚАҚ" (ЗИЛ) жаршысында" көрсетілгендей аспаптар мен құрал-саймандар, сондай-ақ тиісті техникалық төлқұжаттар болуы

тиіс. Сонымен қатар әрбір көлік құралдарында, қосымшада көрсетілген қосалқы бөлшектер мен құралдың, шанц аспабы мен құю мүкәммалдардың жинағы болуы тиіс.

2. Шаруашылық қоймаларда қосалқы бөлшектер жинағы мен басқа мүліктерді сақтау күнделікті заттардан бөлек, жәшіктерде сақталады.

Қосалқы бөлшектер мен басқа мүліктер ұзақ сақтауға өңделіп оралуы қажет. Орау ішіне салынған заттардың аты мен саны тізілген, орау қағазы қоса салынады.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, көлік құралы берілген кезде қосалқы бөлшектер, шанц аспабы, мүкәммалдары және сүйрету құралдары, осы техникада бекітілуі тиіс.

4. Сақтау кезінде мүліктің техникалық күйі жүйелі түрде бақыланады. Осы мақсатпен, алты айда бір рет мүлікті жоспарлы-ескертпелі қарау ұйымдастырылады. Қарау барысында мүліктің жазылған мәліметке, оның техникалық күйі мен жинағы, тотығуға қарсы жасалған жағдайы, тары мен орауының күйінің сай келуі тексеріледі және анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қабылданады.

5. "АҚ" (НЗ) мүлкін сала бастауға, сақтауға, дер кезінде қызмет көрсетуге және жаңалауға жауаптылар кәсіпорын бойынша бұйрықпен тағайындалады.

"АҚ" мүлкіне бөтен адамдардың жақындауына рұқсат жоқ.

3-қосымша

Әскери-көлік міндетінен босатылатын министрліктер,
ведомстволар, бірлестіктер мен кәсіпорындардың
ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының Парламенті
2. Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі мен
Үкіметінің Аппараты
3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті
6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитеті
7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
8. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік, авиакомпаниясы
9. Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас
басқармасы
10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
ғылыми-зерттеу институттары
11. Қазақстан Республикасының облыстар және Алматы қаласы

12. Қазақстан Республикасының мұнай және газ өнеркәсібі
министрлігі

4-қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа
әскерлерге және әскери құрамаларға берілуге
жатпайтын көлік құралдарының

ТІЗБЕСІ

1. Жедел жәрдем, қан құю станциялары, арнайы жабдықталған жедел
жәрдем машиналары
2. Почталық
3. Инкассациялық
4. Мал дәрігерлік көмегі
5. Сүт тасуға арналып мамандандырылған
6. Трамвай-троллейбус шаруашылықтарының техникалық көмегі
7. Заводішілік